



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ауыстыру);

–өндірудің тұрақты деңгейлерін қолдау үшін қабаттардың мұнай қайтарымын арттыру саласындағы жетістіктерді, сондай-ақ қабаттарды ашудың жаңа технологияларын (тік ұңғымаларды бұрғылау және екінші оқпандарды кесу) енгізуді дәлелдеу қажеттілігі туындайды;

–кез келген технологиялық шешімдердің экологиялық қауіпсіздік факторының рөлі күшейеді.

Шетелдік инвестициялардың үлкен бөлігі шикізатты өндіру саласына жұмсалған. Жалпы алғанда, мұнай – газ саласына салынған инвестициялардың 79% - өндіруге, ал 21 % - геологиялық барлауға жұмсалған. Тәуелсіз сарапшылардың болжамы бойынша, 2025 жылға дейін Қазақстан Республикасының мұнай – газ саласына тағы \$80 млрд салынуы мүмкін. Қазақстан экономикасына әлемдегі 80-ге жуық шетел мемлекеттерінен инвестиция салынған. Осы мемлекеттердің ішінде ивестиция ағымдарын АҚШ, Нидерланды, Ұлыбритания, Италия және Қытай жәнет.б мемлекеттердің инвесторлары үлкен көлемде инвестицияны салған.

Қазақстан Республикасының мұнай өнімдеріне ішкі қажеттіліктері мұнайды өндіру көлемімен салыстырғанда өте аз мөлшерде, сондықтан республиканың мұнай – газ саласы көбінесе экспортқа бағытталған: сыртқы нарыққа мұнай көлемінің 90% бағытталады. 2013 жылы Қазақстан экспортқа 60,8 млн тонна мұнайды шығарған, бұл көрсеткіш 2012 жылмен салыстырғанда 6,5 есе көп.

Осындай көп мөлшердегі мұнай және газ қорына ие болса да, Қазақстан өзінің газға деген ішкі сұранысын қанағаттандыра алмай отыр. Қазіргі кездегі магистралдық газ тасымалдау жүйесі Қазақстанның барлық облыстарын газбен қамтамасыз етуге бейімделмеген, сондықтан инвестициялық модернизацияға мұқтаж.

Оның үстіне отандық мұнай – газ шикізаты бірнеше ерекшеліктерге ие:

- мұнай - газ қорының игеріліп жатқан қорының 50% қиын әдіспен өндіріледі. Оның басым бөлігінің өндірілу мөлшері кемуде;

- мұнай - газ ресурсының негізгі көлемі алынуы қиын болған тұзды қатармен байланысты болып келеді. Каспий маңы ойпатының күрделі коллекторлық қасиеттерге ие болған кеніш орындарының құрамы күкіртті сутегі мен көмірқышқыл газының көлемімен сипатталады;

- көптеген газ кеніштері майда кеніш санатына жатады, олардың жалпы қоры барлық қордың 1,5% аспайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Баймұханова С.Б. Бухгалтерлік есеп: Оқулық / Алматы: Издат Маркет, 2005ж. – 312 бет
2. Назарова В.Л. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2005 ж. – 310 бет
3. Сейдахметова Ф.С. Современный бухгалтерский учет. Учебное пособие. Издание 2-е переработанное и дополненное. – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2009. – 548 с.
4. Мұнай өндіруші кәсіпорындарындағы өткізу каналдарының дамуы және стратегиялары. Алматы: Экономика және статистика, - 2013. - №1. – Б. 82-83.

УКД: 333.02.574.1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ

Еркін Айжан Еркінқызы
eraicc@gmail.com

Мемлекет басшысы зейнетақы жүйесін қайта құрудың маңыздылығын 2013 жылы өзінің халыққа арнаған “«Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” Жолдауында дәйекті, жүйелі түрде атап көрсеткен болатын. Осының негізінде Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді. Зейнетақы жүйесін жаңғырту ынтымақты зейнетақы мөлшерінің азаюынан және зейнетақы төлеу көздерін одан әрі әртараптандыру қажеттілігінен, зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігін мемлекеттің, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында бөлуді одан әрі оңтайландыру қажеттілігінен туындап отыр.

Еліміз 1998 жылдан бастап, ТМД елдерінің ішінде алғашқыларның бірі болып ынтымақты зейнетақы жүйесінен жинақтық зейнетақы жүйесіне көшуді орындап келеді.

Зейнетақы жинақтарының статистикасы зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің қатысушыларының деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Мәселен, 2014 жылдың 1-сәуіріндегі көрсеткіш бойынша салымшылардың саны 9 591 167, ал салымшылардың жинақтары 3 961,8 млрд тг. құраған [3].

Елімізде болған барлық зейнетақы жинақтаушы қорларының активтері мен міндеттемелері келісім-шарт бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (бұдан әрі БЖЗҚ) өткізілді [1].

Бұл қаржылық институттың (БЖЗҚ) пайда болу тарихына тоқталып өтейік. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (МЖЗҚ) болашақ зейнетақы шотына алғаш болып міндетті салымдарды қабылдап, осы қордың ізінен құрылған басқа да мемлекеттік емес зейнетақы қорларының жұмыс жүргізуіне үлгі болды.

Ұзақ уақыт бойы, нақтыласақ 1998 - 2002 жылдар аралығында МЖЗҚ еліміздің "негізгі" қоры болып келді. Яғни, әрбір салымшыға күрес жүргізіп отыратын басқа қорлардың алдында артықшылығы айқын көрінді: зейнетақы қорын таңдамаған тұлғалар автоматты түрде МЖЗҚ салымшылары болып табылды.

Келтірілген жағдай халықтың барынша көп үлесін зейнетақы жүйесіне қатыстыру қажеттілігінен жасалды, алайда МЖЗҚ-ның 2003 жылға дейін қор нарығының толыққанды бәсекелес қатысушысы болуға кедергі келтірді.

МЖЗҚ өз міндетін атқарды десек болады: халық жаңа зейнетақы жүйесіне көптеп сенімбілдіре бастады, зейнетақы нарығы құрылды, ал қор еліміздің ірі жинақтаушы қорына анала білді.

Өкінішке орай, сонымен қатар қор тарапына бірнеше кемшіліктер аталып өтті: міндетті зейнетақы салымдарының толық көлемді емес және біртекті аударымы, зейнетақы активтерінің инвестициялық табысының төмен деңгейі. Бұл жағдай басқа да мемлекеттік емес қорларға да тән болып келді. Зейнетақы нарығында МЖЗҚ-нан бөлек әртүрлі уақытта барлығы 18-ге дейін қорлар жұмыс атқарған.

Зейнетақы қорларына басқару аппаратын қамтамасыз ету қымбатқа түсіп отырды, әрине, салымшылардың салымы есебінен. Мұндай жағдайдың жалғасуы тек қиындыққа әкеле берді. Сондықтан ел президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынысы бастау болған жаңа зейнетақы жүйесін енгізу қолға алынған болатын.

Елбасы зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізуіге тапсырма берді. 2013 жылдың 21-маусымында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» № 105-V заңы қабылданды. Заңды жүзеге асыру барысында нарықтағы қорлардың барлық активтері мен міндеттемелері БЖЗҚ-на көшті.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры коммерциялық емес ұйым болып табылатын акционерлік қоғам нысанында (МЖЗҚ базасында) құрылды. Қордың жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады [2].

БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті

зейнетақы жарналарын тартуды және зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асыратын, салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының есебін және өз зейнетақы жинақтары есебінен зейнетақы төлемдерін жүргізетін, сондай-ақ азаматтардың өз қалаулары бойынша ерікті зейнетақы жарналарын жинақтауды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір айдың ішінде БЖЗҚ құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқаруды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ҚР Ұлттық Банкі мен БЖЗҚ арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарт негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте инвестициялық стратегияны БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңес, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультациялық-кеңес органы айқындайды.

Зейнетақы активтері Ұлттық Банкте сақталады, және де ол зейнетақы активтерін шоғырландыру, оларды орналастыру және инвестициялық табыс алу жөніндегі барлық операциялардың есебін жүргізетін болады. Мұндай шоғырландыру және зейнетақы активтерін ҚР Ұлттық Банкінің бақылауымен басқару азаматтардың жинақтарын тиімдірек және қауіпсіз түрде жаратуға мүмкіндік береді. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтарының сақталуы жөніндегі мемлекеттің кепілдігі сақталады.

Жоғарыда атап өтілгендей, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының да кемшіліктерін көрсетіуге болады. Мәселен, 2013 жылға ресми мәліметтер бойынша жеке жинақтаушы қорлардың табыстылығы 3,5-7,5% көлемінде болса, Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының көрсеткіші 3,9% құраған (БЖЗҚ осы МЖЗҚ базасында құрыған болатын). Сарапшылардың болжауы бойынша, жаңа реформа салымшылардың табыстылығы жоғары қорларды таңдау мүмкіндігін шектейді және қор нарығында бәсекені жояды.

Зейнетақы жүйесін заманауи жетілдіру бірыңғай зейнетақы қорын құрумен қатар, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бұрынғы зейнетақы жарналары сақтала отырып, жұмыс берушінің қаражаты есебінен 5 % мөлшерінде жүргізілуді және әйелдердің жасын біріздендіруді қарастырады.

Әйелдердің зейнеткерлік жасын ұлғайту 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап кезең-кезеңімен 10 жыл бойы жүзеге асырады.

Әйелдердің зейнеткерлік жасын ұлғайту жинақтаушы зейнетақы жүйесіне әйелдердің қатысу өтілін көбейту және зейнетақы жинақтарының көлемін ұлғайтуға келіп саяды, бұл нәтижесінде жинақтаушы зейнетақы жүйесінен (бұдан әрі – ЖЗЖ) алатын зейнетақының мөлшерін арттыруға ықпал етеді.

Бұл:

- зейнеталды жастағы адамдардың жеңілдеу қабылдауына;
- (63 жасында зейнетке шығатындар үшін) психологиялық тұрғыдан дайын болып, бейімделуге септігін тигізеді.

Сонымен қатар, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек өтілі бар әйелдер үшін зейнетақыға ертелеу шығу құқығы сақталатын болады:

- 5 және одан да көп бала туған және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдерге жалпы еңбек өтілі кемінде 20 жылды құрайтын болса, 53 жасында;

- 1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейін кемінде 10 жыл төтенше және ең жоғары радиациялық қатер аймақтарында тұрған, кемінде 20 жыл жалпы еңбек өтілі бар әйелдерге 45 жаста зейнетке шығу құқығы сақталады [1].

Зейнетақы жинақтары жеткілікті болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысатын әйелдер үшін 50 жаста зейнетақы төлемдерін тағайындау құқығы сақталады.

Зейнетақы жасын арттыру халықтың кейбір бөлігінің наразылығы қарамастан, әйелдердің еркектерге қарағанда еңбек өтілінің төмен екені негізге ала отырып қабылданды. Сондай-ақ, қазіргі жас мамандар үшін еңбек нарығында жұмыс табу қиындап келе жатқаны да назарға толықтай алынбаған.

Қорытындылай келгенде еліміздің зейнетақы жүйесін жетілдіру жұмыстарының

артықшылықтарымен қатар кемшіліктерінің де барын айтуға болады. Бірақ, бұның бәрі жүйені жақсартумен, яғни зейнеткерлердің өмір сүру дейгейін көтеруге бағытталғаны сөзсіз.

Қолданылған әдебиет:

1. Елбасы Жарлығымен Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. — [Электронды ресурс] — URL: <http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000396#z12>
2. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V заңы. — [Электронды ресурс] — URL: <http://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000105#0>
3. Текущее состояние накопительной пенсионной системы на 1 апреля 2014 года. — [Электронды ресурс] — URL: <http://www.afn.kz/attachments/128/272/publish272-1086550.pdf>.

УДК 331.5.024.5 (100-87)

УПРАВЛЕНИЕ ЗАНЯТОСТЬЮ: ОПЫТ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН

Жаркинбаева Салтанат Баймуратовна

salta.2608@mail.ru

Студентка 4 курса кафедры «Менеджмент» Экономического факультета ЕНУ им.

Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – профессор Н.А.Урузбаева

Занятость является важнейшей характеристикой экономики, параметром уровня жизни населения страны. Занятость не только экономическое явление, но и частью социальной политики государства.

Как экономическая категория занятость представляет собой совокупность отношений по поводу участия населения в трудовой деятельности. Являясь характеристикой рынка труда, занятость выражает меру включения населения в трудовую деятельность, степень удовлетворения общественных потребностей в рабочих местах и личных потребностей самих работников в оплачиваемых рабочих местах, в получении достойного дохода. [1]

Управление занятостью - это социальное управление, являющееся средством реализации социальной политики.

Функции системы управления занятостью:

- целеполагание - выбор целей, стратегий;
- планирование - разработка программ занятости;
- организация - заключается в формировании оптимальной организационной структуры службы занятости, рациональное распределение обязанностей и полномочий, создание дополнительных структур, расширяющих возможности трудоустройства;
- координация - обеспечение синхронности действий участников системы управления занятостью;
- контроль - учет, оценка и корректировка деятельности составляющих систем управления занятостью для обеспечения выхода на заданные параметры. трудоустройство инвестиции финансы предпринимательство

Задачами системы управления занятости являются:

- создание информационной базы о рынке труда;
- определение существующей структуры занятости (по отраслям и регионам);
- определение потребности населения в рабочих местах;
- на основе общеэкономических тенденций развития регионов определение направлений содействия занятости;
- определение направлений развития регионов;
- регулирование состояния рынков труда депрессивных регионов;